

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Бурабай аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**


2021 ж. « 18 » 06

БСН 890340002100

№ 76-1902-24-НАО-ПД

Бастапқы тіркелген күні

1999 ж. « 03 » 03



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 28 мамырдағы  
№А-5/274 қаулысына  
қосымша



Ақмола облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 24 қазандағы  
№А-11/501 қаулысымен  
бекітілді

**Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы  
«Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.

3. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – тиісті саланың өкілетті органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның атауы: Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Едомский көшесі, 23.

**2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.



7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

8. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

9. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні білікті кадрларды, оның ішінде жұмысшыларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын және жалпы білім беретін, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) ұлттық және адамзатқа ортақ құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдай жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту;

3) азаматтық пен патриотизмді, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халық дәстүрлерін құрметтеу, кез келген анти-конституциялық және антиәлеуметтік көріністерге төзбеушілік тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне деген саналы қарым-қатынасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерін зерделеу, қазақ және республикамыздың басқа да халықтардың тарихы, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерттеу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін игеру;

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтеруді қамтамасыз ету;

7) дербестікті кеңейту, білім беру ұйымдарының тәуелсіздігі, білім беруді басқаруды демократияландыру;



8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын сұранысына тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы білім беру, жұмыс орнында оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамдағы өздерінің жеке әлеуетін барынша арттыруға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білімді, ғылымды және өндірісті интеграциялау;

11) білім алушылардың кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету;

12) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара іс-әрекет жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің қарқынды дамуын қамтамасыз ету;

13) арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуына ерекше жағдай жасау.

12. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсету;

2) ішкі ережелерді әзірлеу және бекіту;

3) жұмыс оқу жоспарларын және жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

4) оқытудың қысқартылған мерзімді білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

5) оқу-тәрбие жұмысын оқу жылына бекітілген оқу-тәрбие кесте негізінде, теориялық және практикалық сабақтар кестесіне сәйкес жүзеге асыру;

6) жаңа білім беру технологияларын апробациялау, жаңа білім беру мазмұнын енгізу үшін эксперименттік режимде (эксперименталдық алаңдарда) эксперименталды интеграцияланған білім беру бағдарламалар әзірлеу.

7) кредиттік технологияларды және қашықтан оқыту технологияларын қоса алғанда, жаңа оқыту технологияларын енгізу;

8) білім алушылардың оқу үлгерімін ағымды бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау;

9) білім алушылардың жұмыс біліктілігінің қорытынды аттестациялау нәтижелері бойынша «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» біліктіліктерін тиісті білім беру деңгейінің берілуімен мемлекеттік құжаттарды беру арқылы біліктіліктерді тағайындау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өздерінің қаржы ресурстары шегінде мемлекеттік білім беру ұйымдарында қызметкерлерге лауазымдық жалақылар (мөлшерлемелер), төлем ақы, үстемеақы және өзге де ынталандыру төлемдерін белгілеу;



11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды қамтамасыз ету;

12) материалдық-техникалық құрылғылармен қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсыну, ұзартылған күн топтарын ұйымдастыру.

14) кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту, білім беру жүйесі қызметінің нәтижесін арттыруға бағытталған және экономика мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес кадрлар даярлау деңгейіне қол жеткізу;

15) өнеркәсіппен оқытудың байланысын нығайту, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу, қосымша қаржыландыру көздерін, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік серіктестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын тарту;

16) практиканың негізі ретінде ұйымдарды анықтаудың кәсіби практикасын ұйымдастыру мен жүргізу ережелерін әзірлеу және бекіту;

17) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету;

18) студенттерге алғашқы медико-санитарлық және дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

19) білім алушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

20) балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттарға қол жетімділігін шектеуге арналған байланыс операторларының қызметтерін пайдалана отырып, білім алушыларға ғаламторға кіруге мүмкіндік беру;

21) білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық көмек түрлерін уақытында ұсынуды қамтамасыз ету;

22) білім алушыларды белгіленген нормадан төмен емес тұрмыс жағдайымен қамтамасыз ету;

23) қоғамдық өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

24) кадрларды кәсіби дайындаудың заманауи нысандарын, оның ішінде мобильдік оқу орталығы арқылы енгізу.

13. Кәсіпорында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен Кәсіпорынның жасайтын келісімдері негізінде мамандық алу бойынша білім берудің ақылы қызметтерін іске асыру арқылы мамандарды даярлау іске асырылады.

14. Кәсіпорын бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін білім беру қызметтері көлемінің үстінен ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға, өндірістік-шаруашылық қызметінен табыс алуға және өздері өндірген өнімді өздігінен сатуға және Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 63-



бабының 3-тармағына сәйкес басқа да ақылы негізде қызметтерді көрсетуге құқылы.

15. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Кәсіпорынға оқуға қабылдау тәртібі қабылдаудың үлгі ережелерімен белгіленеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған студенттер және кәсіпорынның қызметкерлері белгіленген көрсетілетін қызметтің тәртібінде жатақханадағы орынмен қамтамасыз етіледі.

Оқу орны білім алушының тұлға құқықтарының сақталуына және оның әлеуметтік қорғалуына жауап береді.

16. Білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

17. Медициналық консультативтік комиссия қорытындысының, әскери қызметке шақыру қағазының негізінде білім алушыларға академиялық демалыс беріледі.

18. Кәсіпорындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорын қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуге, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарттарына сәйкес орыс тілі мен ағылшын тілін оқуға жағдай жасайды.

19. Оқу тәртібі:

Колледждегі оқу жылы білім берудің сызықтық технологиясы кезінде екі семестрден және оқытудың кредиттік технологиясы кезінде триместрлерден тұрады. Сабақ 1 қыркүйекте басталады және нақты мамандық бойынша оқу процесінің кестесіне сәйкес аяқталады.

Демалыс ұзақтығы оқу процесі кестесіне және мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес анықталады.

Оқушылардың оқу жүктемесінің жоғары көлемі аудиториядан тыс оқу жұмысының барлық түрлері аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс. Оқушылардың міндетті жүктемесі күндізгі оқыту жүйесі кезінде теориялық оқыту кезеңінде аптасына 36 сағаттан аспауы тиіс, аталған көлемге факультативтік пәндер және ақыл-кеңестер бойынша сабақтар кірмейді.

Оқушылардың кәсіби тәжірибеден өту кезеңінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасы бойынша кәсіпорындар, мекемелер тәртібі бойынша жұмыс істейді. Жасы 18-ге толғандар үшін оқытудың апталық жүктемесі 40 сағатты құрауы мүмкін.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін екі академиялық сағаттан қосарланған сабақтан кейін 10 минут үзіліс беріледі. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мақсатымен екі қосарланған сабақтан кейін ұзақ үзіліс қарастырылады.

Жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы.



20. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау түрі, тәртібі мен кезеңділігі жұмыс оқу жоспарлары және бағдарламалары негізінде жасалады және анықталады.

Оқушыларды аттестаттау оқу жоспарының барлық күндері бойынша төрт және одан көп апталық жүктеме болған жағдайда, ай сайын өткізіледі. Әр семестрде қорытынды бағалау ағымдағы аттестаттау нәтижесі мен емтихандық сессия нәтижелері негізінде шығарылады. Семестрге, триместрге 3 немесе одан да көп пәндерден аттестаттау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы колледжден шығарылады.

21. Кәсіпорын мен студенттер арасындағы қарым-қатынас Жарғы және ішкі тәртіп ережесімен айқындалады.

Кәсіпорын:

1) Кәсіпорынның бекітілген ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес білім алушылардан өз міндеттерін адал және тиісті дәрежеде орындалуын, оқу тәртібінің сақталуын, сонымен қатар білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауын талап етуге;

2) білім алушыларға Жарғы талаптарын, оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шарасын қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникамен жұмыс істеу ережесін сақтауды талап ету. Білім алушының әрекетімен материалдық нұқсан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен қарастырылған тәртіпте оны қалпына келтіру үшін шығынның орнын толтыруды талап етуге;

4) білім алушыларды оқу, ғылыми және шығармашылық жетістіктері үшін марапаттап, мадақтауға құқылы.

Білім алушы:

1) мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеке оқу жоспарларына, білім беру бағдарламаларын қысқартуға сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша білім алуға;

3) оқу жоспарына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) қосымша білім беру қызметтерін, олардың біліміне және ақылы қажеттіліктеріне қарай білім алу;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

6) Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе білім беру бағдарламасынан екіншісіне ақылы негізде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша немесе білім берудің бір түрінен екіншісіне ауысуға;

7) оқу орындарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдаланып, оның ішінде мүгедектерге, мүмкіндігі шектеулі балаларға қол жетімді нысанда, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу-әдістемелік құралдарды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға, мүгедек балаларға арналған материалдарды ұсынуға;



8) спорттық, оқу, салтанат залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

9) ақылы негізде оқыған жағдайда оқу ақысын кезең-кезеңмен төлеуге, ал төлем сомасы, еңбектік шығындардың ұлғайған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша жылына бір реттен артық емес төлемақы мөлшері өзгеруі мүмкін;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек жағдайлары туралы ақпарат алуға;

11) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;

12) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтетуге;

13) оқудағы жетістіктерге, ғылыми және шығармашылық қызметке деген ынталандыру мен марапатталуға құқылы.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу бөлім студенттері:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге;

2) оқудан бос уақытта оқу мен жұмысты біріктіруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызмет мерзімін ұзартуға құқылы.

Білім алушы:

1) Жарғыны, ішкі тәртіп Ережелерін сақтауға, Кәсіпорын басшысының бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

2) сабақты себепті босатқан жағдайда Кәсіпорнның хабарлауға;

3) Кәсіпорынның мүлкіне ұқыпты қарап, оны тиімді пайдалану, оқу және жатақханада тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауға қатысуға;

4) әскери есепке тұру тәртібін сақтауға міндетті.

22. Кәсіпорынның жанында жалпы білім беретін, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру үшін тәрбиеленушілері толық күн болатын «Гүлдер» шағын орталығы жұмыс істейді, орталықтың міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

23. Шағын орталықтың қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметі түрлерінің үлгілік қағидаларына, Санитариялық ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

24. Шағын орталықтың білім беру қызметі:



1) «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Шағын орталықты құрал-жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақталады.

27. Шағын орталық топтарының толықтырылуы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Шағын орталық бес күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейді.

29. Шағын орталық өзінің қызметін:

1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы») бағдарламаның мазмұнын игеру кезеңі;

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі бойынша ұйымдастырады;

3) мектеп жасына толған тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне толық жасқа жетуін ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.



Мектепалды даярлық топтарында оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникул белгіленеді.

30. Тәрбиеленушінің шағын орталықтағы орны:

1) тәрбиеленушінің денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы жағдайында (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңінде орны сақталады.

31. Тәрбиеленушілер:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт орталықты босатқан жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның орталықта болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда шағын орталықтан шығарылады.

32. Шағын орталық пен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі.

33. Тәрбиеленушінің, ата-ананың және шағын орталық қызметкерлерінің қарым-қатынасы ынтымақтастық, білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы негізінде және тәрбиеленушіге жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

34. Шағын орталықтың педагогтері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтаған жағдайда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

35. Шағын орталық осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған және қамтылған тәрбиеленушілер үшін жұмыс күндері және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

36. Шағын орталықта балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункттер құрылады.

37. Шағын орталық екі жастан алты жасқа дейінгі балалар үшін бөбекқай және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын көздейді.

38. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог:



- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;
- 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға міндетті;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;



18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрмет көрсетілуіне құқылы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.



Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

39. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

40. Басшының Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

41. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

42. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.



43. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 - бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

44. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

45. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

46. Басшы:

11) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

каржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы

үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін; кәсіп орында коррупцияға қарсы қызмет жүргізбеген үшін.

11) мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын қадағалау үшін.

12) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп таңылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.



## 5. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

48. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратының) ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;



9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

49. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

50. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының), байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

51. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

52. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

53. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

## 6. Кәсіпорынның мүлкі

54. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

55. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.



56. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

57. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

58. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

59. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

60. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

61. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

62. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

63. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша не аудандық маңызы бар қыста, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жазбаша келісімімен тиісті салының уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

64. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.



65. Осы Жарғының 63 және 64-тармақтарында көрсетілген мүлікпен қасалған мәмілелерден алынған ақшаны, егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе меншік иесінде өзгеше белгіленбесе, шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## 7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

66. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

67. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

68. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

69. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен алынған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қана жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## 8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

70. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері шаруашылық жүргізу құқығындағы 80745000 (сексен миллион жеті жүз қырық бес мың) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

## 9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

71. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті салының уәкілетті органының келісімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы халықаралық стандарттарға және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.



72. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

73. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

### **10. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

74. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

75. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

### **11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

76. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

77. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

78. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

### **12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

79. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

80. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.



### 13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

81. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

82. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшысы қайта бөледі.

83. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

### 14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

84. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы

*Бегжин Т.В.*  
Т.А.Ә.

КОЛЫ